

Қазақстан Республикасының Қауіпсіздік кеңесі туралы ережені бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығы. 1994 жылғы 18 сәуір N 1673. Күші жойылды - ҚР Президентінің 2006.01.09. N 1696 жарлығымен.

Қазақстан Республикасы Конституциясының 78-бабының негізінде және Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасының Қауіпсіздік кеңесі туралы" 1993 жылғы 17 маусымдағы N 1246 Жарлығына с ә й к е с қ а у л ы е т е м і н :

1 . < * >
2 . < * >

Ескерту. 1,2 тармақтардың күші жойылған - ҚР Президентінің 1995.12.26. N 2728 жарлығымен.

3. Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасының Қауіпсіздік кеңесі туралы 1993 жылғы 17 маусымдағы N 1246 Жарлығының 2,4, және 5-баптарының күші жойылған деп танылсын.

4. Жарлық қол қойылған сәттен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының

Президенті

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы
П р е з и д е н т і н і ң
1 9 9 4 ж ы л ғ ы 1 8 с ә у і р д е г і
N 1 6 7 3 Ж а р л ы ғ ы м е н
бекітілген

Қазақстан Республикасының Қауіпсіздік кеңесі туралы ЕРЕЖЕ

1. Жалпы ережелер

1.1. Қазақстан Республикасының Қауіпсіздік кеңесін (Қауіпсіздік кеңесін) Қазақстан Республикасының Президенті Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздігін, аумақтық тұтастығын, мемлекеттік егемендігін, конституциялық құрылысын қамтамасыз ету саласында сыртқы, ішкі және қорғаныс саясатының негізгі бағыттары бойынша шешімдерді талдап жасау үшін құрады.

1.2. Қауіпсіздік кеңесі қызметінің құқықтық негізін Қазақстан Республикасының Конституциясы және Қазақстан Республикасының Заңдары, Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлықтары мен басқа да нормативтік актілері, сондай-ақ осы Ереже құрайды.

2. Қауіпсіздік кеңесінің негізгі міндеттері мен қызметінің бағыттары

2.1. Қауіпсіздік кеңесінің негізгі міндеттері:

- ұлттық қауіпсіздік саласында Қазақстан Республикасының сыртқы және ішкі саяси қызметінің стратегиясы мен тактикасын әзірлеу;
- ұлттық қауіпсіздік саласына қатысы бар мәселелер жөніндегі мемлекеттік өкімет органдарының, министрліктер мен ведомстволардың жұмысы үйлестірілуін қамтамасыз ету.

2.2. Қауіпсіздік кеңесі қызметінің негізгі бағыттары:

- Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздігін қамтамасыз ету т ұ ж ы р ы м д а м а с ы н ә з і р л е у ;
- әлемдегі және аймақтардағы ахуалдың дамуына Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздік мүдделеріне қарайластырып кешенді т а л д а у ж а с а у ;
- ұлттық қауіпсіздік саласында Қазақстан Республикасы Президентінің шешімдерін дайындау жөніндегі атқарушы өкімет органдарының іс-әрекетін ү й л е с т і р у ;
- ұлттық қауіпсіздік саласында Президенттің шешімдерін орындау жөнінде министрліктер мен ведомстволардың тиімді түрде өзара іс-әрекет жасауының жолдары мен тетіктерін анықтау;
- Қазақстан Республикасы Президентінің ұлттық қауіпсіздік мәселелері жөніндегі шешімдерінің жүзеге асырылуына бақылау жасау.

3. Қауіпсіздік кеңесінің құрамы

3.1. Қазақстан Республикасының Президенті Қауіпсіздік кеңесінің төрағасы болып табылады.

3.2. Қауіпсіздік кеңесі төрағасының орынбасары оның жұмысын тұрақты негізде ұйымдастыру үшін Президенттің Жарлығымен тағайындалады және мәртебесі жөнінен Қазақстан Республикасының Мемлекеттік кеңесшісіне теңестіріледі.

3.3. Қауіпсіздік кеңесіне лауазымы бойынша Қазақстан Республикасының Вице-Президенті, Қазақстан Республикасының Премьер-министрі, Қауіпсіздік кеңесі төрағасының орынбасары, Қорғаныс министрі, Сыртқы істер министрі, ҰҚК төрағасы, Ішкі істер министрі кіреді.

Қазақстан Республикасының Президенті Қауіпсіздік кеңесінің құрамына өзге де лауазымды адамдарды енгізуі мүмкін.

Қауіпсіздік кеңесінің мүшелері оның мәжілістеріне ауысу құқығынсыз қатысады.

4. Қауіпсіздік кеңесінің жұмыс тәртібі

4.1. Қауіпсіздік кеңесінің мәжілістері республика Президентінің төрағалық етуімен қажет болуына қарай, бірақ үш айда кемінде бір рет өткізіледі.

4.2. Өзіне жүктелген функцияларды жүзеге асыра отырып, Қауіпсіздік кеңесі:

- Қазақстан Республикасы Президентінің және Кеңестің басқа да мүшелерінің ұсынысы бойынша қорғаныс, сыртқы және ішкі саясаттың стратегиялық мәселелерін қарастырады;

- ұлттық қауіпсіздікке қатысты бөлігінде Қазақстан Республикасының қорғаныс, сыртқы және ішкі саясат саласындағы стратегиясы әзірленуін және оның жүзеге асырылуын үйлестіреді;

- ұлттық қауіпсіздік саласындағы тұжырымдаманың әзірленуін ұйымдастырады;

- қауіпсіздік кеңесінің қызметін жүзеге асыру үшін қажетті ақпаратты, құжаттар мен материалдарды кез-келген мемлекеттік және басқа органдардан, мекемелер мен ұйымдардан, лауазымды адамдардан сұрастырады және оларды алады;

- зерттеу және сараптама жұмыстарын орындау үшін мемлекеттік және басқа ұйымдарды, мекемелерді, олардың жекелеген қызметкерлерін тарта отырып ғылыми-зерттеулер жүргізілуін және ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз етудің бағдарламалық құжаттары әзірленуін ұйымдастырады;

- Қазақстан Республикасы Президентінің ұлттық қауіпсіздік саласындағы шешімдерін орындау жөнінде мемлекеттік органдардың ұйымдар мен мекемелердің іс-әрекетін үйлестіреді;

- Қауіпсіздік кеңесі шешімдерінің орындалуын бақылайды;

- өз құзырындағы мәселелер бойынша халықаралық ұйымдармен және шет елдегі үкіметтік органдармен және үкіметтік емес ұйымдармен байланыс орнатады.

4.3. Қауіпсіздік кеңесі шешімдерінің ұсыныстық сипаты болады. Қауіпсіздік кеңесінің шешімдері бойынша Қазақстан Республикасы Президентінің және Министрлер Кабинетінің нормативтік актілері қабылдануы мүмкін.

4.4. Мәселелерді пысықтау, мәжілістерді дайындау, сараптама және зерттеу жұмыстарын жүргізу мен ұйымдастыру үшін Қауіпсіздік кеңесі жұмыс аппаратын, ведомствоаралық кеңестер (комиссиялар) және жұмыс топтарын құрады.

5. Қауіпсіздік кеңесінің қызметін қамтамасыз ету

5.1. Қауіпсіздік кеңесінің қызметін Қауіпсіздік кеңесі Төрағасы орынбасарының басшылығымен Қауіпсіздік кеңесінің жұмыс аппараты қамтамасыз етеді.

Қауіпсіздік кеңесі аппаратының құрылымы мен қызметкерлерінің санын

Қазақстан Республикасының Президенті Аппарат Басшысының және Қауіпсіздік кеңесі төрағасы орынбасарының ұсынуы бойынша белгілейді.

Жұмыс аппараты қызметкерлерін тағайындау Президент пен Министрлер Кабинеті Аппаратының қызметкерлеріне арналып белгіленген тәртіп бойынша жүргізіледі.

5.2. Қауіпсіздік кеңесі төрағасының орынбасары:

- жұмыс аппараты қызметкерлерінің функциялық міндеттерін анықтайды;
- Президент пен Министрлер Кабинеті Аппараты Басшысының келісуі бойынша Президент пен Министрлер Кабинеті Аппаратының бөлімдерін Қауіпсіздік кеңесінің құзырына жататын мәселелерді пысықтау үшін қ а т ы с т ы р а д ы ;

- Қорғаныс министрлігінің, Ұлттық қауіпсіздік комитетінің, Республика ұланының, Президенттің Күзет қызметінің және Қазақстан Республикасының басқа да министрліктері мен ведомстволарының ұлттық қауіпсіздік мәселелері жөніндегі қызметі үйлестірілуін ұйымдастырады.

- Қауіпсіздік кеңесі төрағасының келісуі бойынша мемлекеттік және басқа ұйымдардың, мекемелердің қызметкерлерінен Қауіпсіздік кеңесінің ведомствоаралық кеңестерін (комиссияларын), жұмыс топтарын құрады.

5.3. Қауіпсіздік кеңесін ақпараттық-талдаулық қамтамасыз ету Қауіпсіздік кеңесінің жұмыс аппаратына, ведомствоаралық кеңестеріне (комиссияларына), жұмыс топтарына, республика Президентінің жанындағы Стратегиялық зерттеулер институтына, Ақпараттық талдау орталығына, ТЖМК-ге, Мемтехкомиссияға және Президент пен Министрлер Кабинеті Аппаратының басқа да ақпараттық талдау қызметтеріне, сондай-ақ министрліктер мен ведомстволарға жүктеледі.

5.4. Өзара іс-қимылды және жұмыстың тиімділігін арттыру мақсатында Қауіпсіздік кеңесінің жұмыс аппаратында жекелеген қызметті іссапарға шақыру жолымен министрліктер мен ведомстволардың тиісті мамандары атқаруы мүмкін .

5.5. Қауіпсіздік кеңесі аппаратының қызметін қамтамасыз ету Президент пен Министрлер Кабинеті Аппаратына жүктеледі.

5.6. Қауіпсіздік кеңесі жұмыс аппаратын ұстауға арналған шығын республика бюджетінің қаражаты есебінен жүзеге асырылады және Қазақстан Республикасының Президенті мен Министрлер Кабинеті Аппаратының сметасында көзделеді.